**"2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі № А-5/205 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қазандағы № А-11/429 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 9 қарашада № 3334 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № А-4/117 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.04.16* № А-4/117 *қаулысымен*

*РҚАО ескертпесі.*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі № А-5/205 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3321 болып тіркелген, 2009 жылғы 22 мамырда «Арқа ажары» және «Акмолинская правда» газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыдағы аталған қаулымен құрылған, облыстық шақыру комиссиясының құрамына енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Филимонов Константин Викторович | - «Ақмола облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, шақыру комиссиясының төрағасы; |
| Пономарев Александр Григорьевич | - «Ақмола облысының жұмылдыру, дайындығы азаматтық қорғаныс, табиғи апаттардың алдын алу мен жоюды ұйымдастыру басқармасы» мемлекеттік мекемесі аймақтық қорғаныс бөлімінің бастығы, шақыру комиссиясы төрағасының |

орынбасары

Нұрахметов Сағатбек Төлеубайұлы - «Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

облыстық шақыру комиссиясының құрамынан шығарылсын: Старцев Александр Николаевич, Жұрымбаев Серік Кәкімбекұлы, Тойғамбаев Дулат Кенжешұлы.

2. Ақмола облысы әкімдігінің осы қаулысының күші 2009 жылдың 1 қазанынан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға тарайды.

3. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі* *А.Рау*

**КЕЛІСІЛДІ**:

*«Ақмола облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы* *К.В.Филимонов*

*«Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Т.С.Маткенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК